

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1772 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 23 сәуір N 641

Ақмола қаласындағы емдеу-диагностикалық базаның құрылысы жөніндегі жобаны мейлінше тиімді жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Ақмола қаласындағы 240 төсектік аурухана кешенінің құрылысы туралы"

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1772 Р961772_ қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

Мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасының кепілдіктерін есепке алуды реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 16 қарашадағы N 1300 қаулысында көзделген Қазақстан Республикасының кепілдігін бергені және тіркегені үшін міндетті бір жолғы төлем төлеуден босатылсын."

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі